

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2010 жылдың 26 наурызы

2007 жылғы 12 сәуірде болған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) жұмыс істеп отырған құрамының өкілеттік мерзімі 2010 жылдың 29 наурызын қоса алғандағы мерзімге белгіленген болатын.

Өкілеттіктер мерзімінің аяқталуына байланысты 2010 жылдың 26 қаңтарында Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 12.2 бабының 2) тармақшасына сәйкес Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі - АКТЖ) шақыруға шешім қабылдады. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналы Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша 2010 жылдың 26 наурызына сағат 11.00-ге шақырылды. АКТЖ-ның мынадай күн тәртібі белгіленді:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.

Қоғам Жарғысының 10.16 бабына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы құлақтандыру 2010 жылы 29 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің 2007 жылғы 30 қазандағы жалпы жиналысымен бекітілген) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлер құлақтандырылған күннен бастап 15 (он бес) күннің ішінде Директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы ұсыныс енгізе алады.

Көрсетілген мерзімдерде акционердің Директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы бір ұсынысы келіп түсті. Қоғамның ірі акционері, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) ұсынысты Корпоративтік хатшы 2010 жылдың 12 ақпанында алды. Корпоративтік хатшының ҚМГ ҰК-ның жоғарыда көрсетілген ұсынысын қарауының нәтижелері бойынша ҚМГ ҰК-ның ұсынысы Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

ҚМГ ҰК-ның, АКТЖ-ның ұсыныстарына сәйкес Директорлар кеңесіне сайлауға мына кандидатуралар ұсынылды:

1. Балжанов Асқар Құмарұлы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, Басқармасының мүшесі;
2. Бозжанов Төлеген Жұмадұлы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Корпоративтік орталығының басқарушы директоры, Басқармасының мүшесі;
3. Жанғаулов Ержан Арыстанбекұлы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі бас менеджері, Басқармасының мүшесі;
4. Ибрашев Кенжебек Ниязұлы, Қоғамның Бас директоры, Басқарма төрағасы;
5. Мандука Пол, тәуелсіз директор (тәуелсіз директорға кандидат);
6. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры;
7. Уолш Эдвард Томас, тәуелсіз директор (тәуелсіз директорға кандидат).

Жоғарыда көрсетілген кандидаттар туралы ақпарат қоса беріліп отыр. Пол Мандука мырза мен Эдвард Уолш мырза 2006 жылдан бастап Қоғамның тәуелсіз директорлары болып табылады. 2006 жылдан бастап Қоғамның тәуелсіз директоры Кристофер Макензи мырза жеке басының жағдайына байланысты Қоғамның Директорлар кеңесіне өзінің кандидатурасын ұсынбауға шешім қабылдады.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Жарғының 12.6 бабына сәйкес тек жеке адамдар ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционерлердің – жеке адамдардың;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдірушілер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным жасалған) адамдардың;
- 3) басқа да адамдардың (Жарғының 12.8-тармағымен белгіленген шектеулер ескеріле отырып) қатарынан сайланады.

Қоғам Жарғысының 10.51 бабына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру кумулятивтік дауыс беру тәсілімен жүзеге асырылады. Қоғам Жарғысының 12.6 бабына сәйкес әр акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша 1 (бір) кандидат үшін дауыс беруге немесе оны бірнеше Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың арасында бөлуге құқылы. Неғұрлым көп дауыс алған кандидаттар Директорлар кеңесіне

сайланған болып есептеледі. Егер екі немесе одан көп Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидат бірдей дауыс жинаса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі. Жаңа Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі 3 (үш) жылға белгіленеді. Аталған мәселе бойынша шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады (Жарғының 11.2 бабына сәйкес).

Жарғының 12.9 бабына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындар болмағанда) кемінде $1/3$ (үштен бір) тәуелсіз директорлар мен Бас директорды (Басқарманың төрағасын) қоса алғанда кемінде 8 (сегіз) адамды құрауы қажет.

Осылайша, акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

1. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 2) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 3) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 4) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 5) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 6) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған тәуелсіздік директорлыққа кандидат) – тәуелсіз директор;
- 7) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған тәуелсіздік директорлыққа кандидат) – тәуелсіз директор;
- 8) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған тәуелсіздік директорлыққа кандидат) – тәуелсіз директор.

2. Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі – жаңа Директорлар кеңесін сайлау өтетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтіне аяқталатын 3 (үш) жыл.

Қосымша: Директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ақпарат 8 бетте.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (Қоғам)
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Балжанов Асқар Құмарұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
49102 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институты: мамандығы – мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау, біліктілігі – кен инженері (1975-1980 жылдар)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, Басқармасының мүшесі – 2009 жылдың маусымынан бастап
Қоғамның Бас директоры – 2006 жылдың маусымы - 2009 жылдың маусымы
2006 жылдың маусымынан бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі
«ҚазМұнайТеңіз» Теңіз мұнай компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің төрағасы – 2009 жылдың қыркүйегінен бастап
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға (ірі акционердің, аффилиирлендірілген тұлғаның лауазымды тұлғасы) болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет
Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі
туралы мәлімет
Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Бозжанов Төлеген Жұмадұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
Жоқ (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: физика пәнінің оқытушысы (1993 жыл)
Қазақ мемлекеттік құрылыс академиясы: экономист (1994 жыл)
Уорвик университеті: экономика ғылымдарының бакалавры (1997 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Корпоративтік орталығының басқарушы директоры, Басқармасының мүшесі – 2009 жылдың маусымынан бастап
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының вице-президенті
«ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» акционерлік қоғамының бас директоры – 2006 – 2008 жылдар
2006 жылдың қыркүйегінен бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі
«ҚазМұнайТеңіз» Теңіз мұнай компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесі – 2009 жылдың қыркүйегіне дейін
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға (ірі акционердің лауазымды тұлғасы) болып табылады.

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет
Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет
Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Жанғаулов Ержан Арыстанбекұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
8681 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Қарағандының мемлекеттік университеті: мамандығы – құқықтану, біліктілігі – заңгер-құқықтанушы (1992 жыл);
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: мамандығы – экономист (2003 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымды тұлғасы (Директорлар кеңесінің мүшесі) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі бас менеджер, Басқармасының мүшесі – 2009 жылдың маусымынан бастап
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор –2006 жылдың мамыры – 2009 жылдың маусым
Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі – 2006 жылдың маусымынан бастап
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға (ірі акционердің, аффилиирлендірілген тұлғаның лауазымды тұлғасы) болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет

Жоқ

- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет
Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Ибрашев Кенжебек Ниязұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
Жоқ (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай химиясы және газ өнеркәсібі институты: мамандығы – мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау, біліктілігі – кен инженері (1976-1981 жылдар)
Біліктілігін арттыру курстары:
Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясы (1991 жыл)
Statoil, ВР: мұнай жобаларын басқару (1995 жыл)
Ashridge, Ұлыритания: Жалпы менеджмент бағдарламасы (1999 жыл)
Management Centre Europe, Бельгия: Басшыларға арналған біліктілігін арттыру бағдарламасы (2000 жыл)
Jartas Systems International Company, БАЭ: Сапаны, қоршаған ортаны қорғауды, кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты басқарудың ықпалдастырылған жүйесін енгізу мен сертификаттаудың дәлелдері, кезеңдері (2006 жыл)
ConocoPhillips, Statoil, Норвегия: Сапаны, еңбек қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды және қауіпсіздікті басқарудың ықпалдастырылған жүйесін жетілдіру (2007 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымды тұлғасы (Бас директор, Қоғам Басқармасының төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
Қоғамның Бас директоры, Басқармасының төрағасы 2009 жылдың маусымынан бастап
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының вице-президенті – 2007 жылдың қыркүйегі – 2009 жылдың мамыры

«ҚазМұнайТеңіз» Теңіз мұнай компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің мүшесі – 2006 жылдың маусымы – 2007
жылдың қыркүйегі

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі – 2007 жылдың қазанынан
бастап

«ҚазМұнайТеңіз» Теңіз мұнай компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің төрағасы – 2008 жылдың тамызы - 2009 жылдың
қыркүйегі

- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға (Қоғамның лауазымды тұлғасы) болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет
Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет
Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты:
Пол В.Ф.С. Мандука (Paul V. F. S. Manduca)
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
6828 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Оксфорд Университетінің бакалавры, магистрі (қазіргі заманның тілдері)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымды тұлғасы (тәуелсіз директор) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
Қоғамның тәуелсіз директоры 2006 жылдан бастап
Aon UK Ltd төрағасы
Wm Morrison Supermarkets plc тәуелсіз атқарушы емес аға директоры
Travelport plc директоры
Development Securities plc директоры
JPMorgan European Fledgeling Investment Trust plc директоры
Chairman of Henderson Diversified Income Investment Trust plc төрағасы
Microlease plc төрағасы
Majid Al Futtaim Trust & Asset Management төрағасы
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Жоқ
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет
Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет
Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Сырғабекова Әсия Нарыманқызы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
12190 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: экономист (1982 жыл)
Мәскеудің қаржы институты: экономика ғылымдарының кандидаты (1987 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Аффилиирлендірілген тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы директоры 2009 жылдың маусымынан бастап
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры– 2009 жылдың қаңтары - маусымы
«ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының бірінші орынбасары – 2008 жылдың қаңтары – 2009 жылдың қаңтары
«ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары – 2007 жылдың қарашасы – 2008 жылдың қаңтары
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – 2006 жылдың маусымы – 2007 жылдың қарашасы
Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі – 2006 жылдың шілдесі – 2008 жылдың қаңтары
«ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесі

- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға (аффилиирленген тұлғаның лауазымдық тұлғасы) болып табылады.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет
Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет
Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты:
Эдвард Томас Уолш (Edward Thomas Walshe)
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
6828 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:
Қатқыл дененің химиясы жөніндегі философия докторы
Гарвард университетінің менеджменттегі біліктілікті жоғарлату бағдарламасы (1990 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:
Қоғамның лауазымды тұлғасы (тәуелсіз директор) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
Қоғамның тәуелсіз директоры 2006 жылдан бастап
Bateman-Litwin BV тәуелсіз атқарушы емес директоры 2006-2009 жылдары
Eddie Walshe Consulting Ltd басшысы 2002 жылдан бастап
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:
Жоқ
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет
Жоқ
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет
Келісті